

ШЖМ БАСТАУЫШ БУЫНДА ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДА САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті

Аслямова Т.А., Мухаметжанова И.А.

Аңдатпа.

Шағын жинақты мектептегі мұғалім бір уақытта екі сыныппен жұмыс істейді. Бұл жағдайда сабақ мұғалімнің басшылығымен өтетін оқушылардың өзіндік іс-әрекетімен кезектесетін жүйелі жұмысты құрайды. Мақалада өзіндік жұмыстың маңыздылығы, шағын жинақты мектепте өзіндік оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері көрсетілген. Мақалада біріктірілген сынып жиынтықтары жағдайында жұмыстың кемшіліктері мен артықшылықтары талданады. Оқушылардың өзіндік іс-әрекетінің негізгі ерекшеліктері ашылды. Бастауыш сынып оқушыларының өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамыту мәселесі ең алдымен ауылдық шағын мектеп жағдайында айқындалады, өйткені оның бірқатар ерекшеліктері бар, олар оқу үдерісін ұйымдастыруда, оқыту мазмұнында оқытудың жетекші әдістерін, құралдарын, формаларын тиімді таңдау. Шағын жинақталған мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын ойдағыдай қалыптастыру үшін олардың өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау дағдыларын үнемі машықтандыру қажет. Сабақ барысында әр түрлі жұмыс формаларын: өзіндік, жұптық және ұжымдық өзіндік жұмыс түрлерін қосуды, сонымен қатар әр оқушыға арналған өзіндік тапсырмаларды түрлендіріп, олардың нәтижелерін жүйелі түрде тексеруді білдіреді. Қазіргі кезде өзіндік іс-әрекеттің рөлі басым, оның тиімділігі шағын жинақты мектептегі бүкіл оқу үдерісінің тиімділігін анықтайды. Сондай-ақ, мақалада сараланған тәсілдің тұжырымдамасы мен мәні, оқытуды саралау түрлері, сараланған тәсілді жүзеге асыру кезеңдері, оны қолданудың жағымды және жағымсыз жақтары көрсетілген.

Кілт сөздер: шағын жинақталған мектеп, біріктірілген сынып-комплект, өзіндік жұмыс, саралау, сараланған тәсіл

Аннотация.

Педагог в малокомплектной школе одновременно работает с двумя классами. В этих условиях урок представляет собой чередование работы под руководством учителя с самостоятельной работой учащихся. В статье показано значение самостоятельной работы, особенности организации обучения в малокомплектной школе. Анализируются недостатки и преимущества работы учителя в условиях совмещенных класс-комплектов. Раскрыты основные признаки самостоятельной деятельности учащихся. Проблема развития у младших школьников навыков самостоятельной работы обнаруживается наиболее остро именно в условиях сельской малокомплектной школы, так как она имеет ряд особенностей, которые проявляются в организации учебного процесса, содержании обучения, в выборе ведущих методов, средств, форм учебных занятий. Для успешного формирования навыков самостоятельной работы учащихся малокомплектной школы, необходимо регулярно отрабатывать у них умения самоконтроля и самооценки. Это значит, включать в работу на уроке индивидуальную, парную и коллективную формы самостоятельной работы, а также

систематически проверять результаты самостоятельных заданий у каждого ученика. Раскрывается роль самостоятельной работы, от эффективности которой зависит эффективность всего учебного процесса в малокомплектной школе. Также в статье отражены понятие и сущность дифференцированного подхода, виды дифференциации обучения, этапы реализации дифференцированного подхода, положительные и отрицательные аспекты его применения.

Ключевые слова: малокомплектная школа, совмещенные класс-комплекты, самостоятельная работа, дифференциация, дифференцированный подход.

Annotation.

A teacher in a small school works with two classes at the same time. In these conditions, the lesson is an alternation of work under the guidance of the teacher with the independent work of students. The article shows the importance of independent work, the features of the organization of training in a small school. The author analyzes the disadvantages and advantages of working as a teacher in the conditions of combined classroom sets. The main features of independent activity of students are revealed. The problem of developing the skills of independent work in younger students is most acute in the conditions of a rural small school, since it has a number of features that are manifested in the organization of the educational process, the content of training, in the choice of leading methods, means, and forms of training. For the successful formation of independent work skills of students of a small school, it is necessary to regularly practice their self-control and self-assessment skills. This means to include individual, paired and collective forms of independent work in the lesson, as well as to systematically check the results of independent tasks for each student. The role of independent work is revealed, the effectiveness of which depends on the effectiveness of the entire educational process in a small school. The article also reflects the concept and essence of the differentiated approach, the types of differentiation of training, the stages of implementation of the differentiated approach, the positive and negative aspects of its application.

Key words: small school, combined classroom sets, independent work, differentiation, differentiated approach.

Жаңартылған білім беру мазмұнына көшу аясында шағын жинақты мектепте оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыру және оны жаңартылған оқыту бағдарламаларына бейімдеу - білім беру жүйесінде маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Жаңартылған бағдарламаның бір ерекшелігі-жүйелік –әрекеттік компонент. Осы орайда қазіргі мұғалімнің міндеті – өз білім алушыларына білім беру ғана емес, сонымен қатар оларды өз бетімен білім алуға үйрету, олардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашу. Білім алушының даму деңгейі оның өз бетінше білім алу және оларды практикалық қызметте қолдану қабілеттілігімен бағаланады. Осындай дағдылардың негізі бастауыш мектепте қаланады. Бастауыш кезеңде білім алушы өз бетінше білім ала білуді қаншалықты меңгергендігіне оның кейінгі білім беру траекториясы мен маман ретінде қалыптасуы тікелей байланысты.

Шағын жинақты мектеп оқушыларының білім деңгейін мемлекеттік стандарт дәрежесіне көтеру, оқу-тәрбие жұмысының мазмұнын жақсарту – қазіргі уақытта өзекті болып табылады [2]. ШЖМ мәселелері Қазақстан Республикасында білім беруді және

ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты міндеттерінің бірі ретінде белгіленген [1]. Осы типтес мектептерде мұғалімнің негізгі мақсаты - бағдарлама мен мектеп белгілеген жоспарды орындап, білім сапасын арттыру. Бұл үшін ШЖМ оқу-тәрбие үдерісін кіріктіре оқытудың әдістері мен тәсілдерін тиімді пайдалану жолдарын білуі қажет, сондай-ақ ШЖМ-ның заманауи мұғалімі білім мазмұнын жаңарту жағдайында жұмыс істеу үшін маңызды бірқатар қосымша кәсіби құзыреттілікке ие болуы қажет. Мәселен,

- біріктірілген сынып-комплектісі жағдайында оңтайлы оқыту әдістерін бейімдеу және құрастыру;
- бір пәндік және бір тақырыптық сабақтар өткізу кезінде сынып-комплектісі білім алушыларының іс-әрекеттерін басқару.

Жаңа оқу бағдарламаларының бір ерекшелігі – олардың пәндік білім мен дағдыларды ғана емес, сондай-ақ, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы. Оқу мақсаттарының жүйесі келесі кең ауқымды дағдыларды дамытудың негізі болып табылады: функционалдық және шығармашылық түрінде білімдерін қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынастың әр түрлерін қолдану, жеке және топта жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау. Ал, оқушылардың бойында осы кең ауқымды дағдыларды дамыту үшін мұғалім не істеуі керек? Дағдыларды дамытуда, әрі әр оқушының қажеттілігін ашуға негіздей ала ма? деген сауалдардың бір жауабы – оқушының өзіндік іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру, оқыту үдерісі мен мазмұнды дұрыс саралау және олардың түрлерін тиімді тандай алу.

Шағын жинақты мектепте өзіндік жұмыстың маңызы ерекше. Бір жағынан, ол педагогикалық үдерістің тұлғалық-бағдарлы бағытын жүзеге асырады, оқушының жеке траекториясының дамуына әсер етеді, екінші жағынан – бұл әр жастағы сыныптағы сабақтың қажетті құрамдас бөлігі. Білім алушылардың өзіндік жұмысы сабақта жиі жүргізіледі, өйткені бұны шағын жинақты мектепте білім беру үдерісінің ерекшеліктері талап етеді. Білім алушылар білімді меңгеруге қажетті әдеттер мен іскерлікті дамытумен байланысты тапсырмаларды өз бетінше орындайды. Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, білім алушылардың өзіндік жұмысы мұғалім тарапынан ойластырылмайды және жоспарланбайды, білім алушылар сабақта не үйде тапсырманы қалай жақсы және жылдам орындау керектігі туралы егжей-тегжейлі түсінік ала алмайды, сондай-ақ оқушылардың жеке психофизиологиялық ерекшеліктері ескерілмейді. Сондықтан, ШЖМ жағдайында жұмыс істеу ерекшеліктерін анықтай отырып, оқытудың барлық кезеңдерінде өзіндік жұмысты және оны бақылауды ұйымдастырудың техникалары мен әдістемелерінің жиынтығын ұсыну емес, әсіресе, біріктірілген сыныптарда педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу өзекті болып табылады[3]. Сол себептен мектеп психологімен бірлесе жүйелі жұмыс жасау қажет.

Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Сол себепті, балалардың қабілетін кеңінен өрістете дамытуға тек мектеп ғана мақсатты түрде ықпал ете алады. Оқушылардың өзіндік жұмысы - оқу үдерісінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі, оның барысында оқу-ғылыми, кәсіби қызметтегі білім, білік және дағдылары, болашақ маманның кәсіби маңызды қасиеттері қалыптасады (жауапкершілікті өз мойнына алу, мәселелерді өз бетінше шешу, конструктивті шешімдер табу, дағдарыстық жағдайдан шығу және т.б.).

Білім алушылардың өзіндік жұмысын басқару ұйымдастырудың қиыншылықтары жоқ емес. Өкінішке орай, білім алушылар сабақта ақыл-ой еңбегінің ұтымды дағдыларын және өз

бетінше жұмыс істеу әдістерін, атап айтқанда, кітаппен жұмыс істеу мәдениетін жеткіліксіз меңгергенін атап өту керек. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушылары мұғалімнің тарапынан қолдау ғана емес, ұсынылатын репродуктивті тапсырмаларға да үйреніп қалған. Танымдық оқу үдерісінің тиімділігі оқытудың сапасы мен және білім алушылардың өзіндік танымдық қызметімен анықталады.

Өзіндік жұмыстың нәтижесі көп жағдайда тиімді ұйымдастыруға байланысты: - алдағы жұмыстың міндетін нақты қою; - оның басымдықтарын анықтайды; - алға қойылған міндеттерді тез және үнемді шешу тәсілдерін шебер таңдау; - тапсырманың орындалуына шебер және жедел өзін-өзі бақылау; - дербес жұмысқа тез түзетулер енгізе білу; - жұмыстың жалпы қорытындыларын талдай білу, осы нәтижелерді басында белгіленген нәтижелермен салыстыра білу; - ауытқулардың себептерін анықтау және оларды одан әрі жұмыста жою жолдарын белгілеу [7]. Өзіндік жұмысты орындау сапасы мен жылдамдығына тапсырманы қою (енгізу) тәсілі әсер етеді: ол қалай тұжырымдалған, білім алушыларға түсінікті ме, балалар мұндай қиындықтарды тапсыруға дайын ба, бұрын осындай тапсырмалар орындалды ма және т.б.

Оқушылардың өзіндік жұмысын оқу қызметінің түрлері бойынша жіктеуге болады (Кесте 1).

Өзіндік жұмыс түрлері

Оқу-танымдық іс-әрекет	Оқу-тәжірибелік қызметі	Оқу-зерттеу қызметі
кестелерді толтыру; кітаптармен, құжаттамалармен, мерзімді әдебиетпен жұмыс істеу; жаттығуларды орындау; тапсырмаларды шешу; схемаларды, ақауларды анықтау тапсырмаларын құрастыру және жіктеу.	зертханалық - практикалық жұмыстарды орындау; алгоритм бойынша тапсырмаларды орындау; жаттығуларды орындау; үлгілерді дайындау, макеттерді дайындау; оқу өндірістік жұмыстарды орындау; эскиздерді жасау, сызбаларды орындау, т.б.	берілген жағдайда мәселені тұжырымдау; гипотезаларды ұсыну және оларды шешу; жан-жақты талдау негізінде бағалау; эксперимент жүргізу, оның нәтижелерін талдау; жас ерекшелігіне сай ғылыми жобаларды орындау

Психологиялық қолдау біріктірілген сыныптарда сабақ кестесін құрастырғанда да қажет. Сабақ кестесін, әсіресе бірлескен сынып-комплектілерінде, құрастырған кезде мұғалімдер санитарлық эпидемиологиялық ережелерде көрсетілген талаптарды басшылыққа алады[4].

Мәселен, сабақ кестесі 2 және 4 сынып білім алушылары сабақты бір уақытта бастамайтынын көрсетеді. Мұғалімнің алғашқы бір-екі сабағы бір сынып білім алушыларымен жұмыс істейді. Бұл сабақтарда жаңа оқу материалын егжей-тегжейлі түсіндіру, практикалық тапсырмаларды шешу үшін теориялық білімді қолдана білуді қалыптастыру, ауызша жеке сұрау жүргізіледі.

2-ші немесе 3-ші сабаққа жиынтыққа кіретін басқа сынып балалары келеді және екі-үш сабақ мұғалім екі сыныптан бір уақытта айналысады (Кесте 2).

2-4 біріктірілген сыныптарда сабақ кестесінің үлгісі.

Кесте 2.

Апта күні	№ сабақ	2-сынып	4-сынып
-----------	---------	---------	---------

Дүйсенбі	1	Математика	
	2	Қазақ тілі	
	3	Әдебиеттік оқу	Әдебиеттік оқу
	4	Өзін-өзі тану	Өзін-өзі тану
	5	-	Математика
	6	-	Жаратылыстану
	7	-	Көркем еңбек

ШЖМ бастауыш сыныпта оқу үдерісін ұйымдастыруда мықты тұстарының бірі- бір сынып пен екінші сыныпты біріктіріп оқытқанда, оқушылардың өздік жұмысқа белсенділігін арттыру, ол өз алдына балалардың тәуелсіздігін дамыту болып табылады: 2-сынып - мен өзім оқимын, 3-сынып – басқаларды оқытуды үйренудемін, 4-сынып - басқаларды оқытамын деген тұжырымға сай. Әлсіз тұстарынан –өзіндік жұмысты ұйымдастыруда *саралап оқытуды тиімді ұйымдастыра алмау* жатады. Сабақтың ең маңызды ерекшелігі - сынып жиынтығында, біріктірілген сыныпта – білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеуі. Егер бір сыныппен айналысатын мұғалім сабаққа білім алушылардың өзіндік жұмысы үшін тапсырмаларды енгізбесе немесе қоспаса, шағын жинақты мектеп мұғалімінің осы мүмкіндікті зерделенетін материалдың сипатын анықтайтын таңдауы жоқ. Екі-үш сыныптың болуы осындай тапсырмалардың қажеттілігін анықтайды. Олар сабақтың барлық кезеңдерінде қолданылады.

Саралап оқыту әрекеті - білім алуға, күтілетін нәтижеге жетуге бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады. Саралап оқытуды ұйымдастыру арқылы бала ақыл - ой деңгейімен белсенді әрекет арқасында репродуктивті емес, конструктивті, яғни өнімді нәтижеге жетеді[6].

Жаңартылған бағдарламаның ерекшеліктерін ескере отыра, тәжірибе жүзінде саралап оқытуды ұйымдастыру –мақсатқа қол жеткізіп, оқушылардың бойында тиісті hard skills дамытуға септігін тигізеді. Мектеп әкімшілігі, мектеп пен мұғалім қазіргі таңда даралап және саралап оқытудың тиімділігін түсінулері қажет. Алайда мұғалім, әсіресе шағын жинақты бастауыш мектеп мұғалімі, сынып жағдайында мұндай оқытуды орнатуда бірқатар қиындықтарға кездесіп отыр. Жиі кездесетін қиындықтар саласы:

1. Саралап оқытуды дұрыс түсінбеу;
2. Саралап оқытудың тәсілдерін жетік меңгермеу, әдістер мен тәсілдерді іріктеп, таңдамау;
3. Зерттеу нәтижелерінен хабардар болмау, оқушылардың бойында нақты қандай зерттеу дағдылары дамитынын білмеу;
4. Сыныптың психо-физиологиялық ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін диагностикаламау;
5. Сараланған (SMART) мақсаттарда дұрыс құрастыра алмау;
6. Жоспарларды бейімдемеу, ҚМЖ дұрыс құрастырмау;
7. Жоғары ойлау дағдыларына бағытталған тапсырмалар ұсынбау;
8. Топтық жұмысты ұйымдастырмау;
9. Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруда ұтымды ресурстарды қолданбау;
10. Үй тапсырмасын сараламау, бағалауды тиімді ұйымдастырмау, т.б.

Жоғарыда көрсетілген қиындықтарды болдырмас үшін саралап оқытуды тиімді ұйымдастыруда неге назар аудару қажет? Саралаудың тәсілдерін қаншалықты тиімді қолданып, оқу үдерісін қызықты ұйымдастыруға болады? –деген сұрақтар педагогтерді жиі толғандырады. Сараланған мақсатқа жетуге ықпал ететін тапсырмаларды жоспарламас бұрын, мұғалімдер үдерісті саралау не екенін білу қажет. Үдерісті саралау үшін материалды ұсынудың түрлі жолдарын көрсету керек, тапсырмаларды түрлендіру, қойылатын сұрақтар мен оқыту әдіс-тәсілдерді оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жоспарлау қажет, себебі әр оқушы үшін оқу үдерісі – оның өз ұғымын жетілдіру үшін білім беру бағдарламасының мазмұнын игеруі. Сол себептен саралау үдерісі анағұрлым жоғары деңгейлі ойлау үдерісін пайдалануды ынталандырады.

Шағын жинақты мектеп мұғалімдері білім беру бағдарламасын тиімді саралау үшін келесі өзгерістерді енгізе алады:

Біріншіден, жоғары ойлау дағдыларын дамыту үшін сабақ барысында, әсіресе біріктірілген сынып-комплектілерінде пайдаланылатын әдістер ақпаратты алуға емес, ақпаратты білімге айналдыруға машықтануы керек; оқушылар мәліметтерді жаңа жағдайларда қолданып, Блум таксономиясының 4-6 жоғары деңгейлі тапсырмаларын орындай алу мүмкіндігі, орындылығын бағамдауы және оны жаңа өнім жасау үшін пайдалануы керек.

Екіншіден, бастауыш сынып мұғалімі сабақты жоспарлағанда таңдаған жаттығуларының басым бөлігі ашық жаттығудан, яғни жалғыз дұрыс жауабы болмайтын, одан әрі ойланып, зерттеуге жетелейтін тапсырмалардан тұруы керек.

Үшіншіден: біріктірілген сыныптардағы оқушылардың жас ерекшелігін ескере отыра, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі берілуі керек, осы орайда жоғары, мәселен 4-сынып оқушылары «скаффолдер», «көмекші» және «орындаушы», «басқарушы» және «жетекші» т.б.әлеуметтік рөлдерді тәжірибиеде атқаруға мүмкіндік беру.

Төртіншіден: мұғалімдердің назарынан жаңа материалды таныстыруда мүмкін болса қарқынды жылдамдату және оқушының қызығушылығын қолдайтын және әр түрлі оқу стильдерін қамтитын әдіс-тәсілдерді пайдаланған тыс қалмау керек.

Бесіншіден: оқушылардың жас ерекшеліктерін ғана емес, таным деңгейлерінің әртүрлілігін де ескеріп, біріктірілген сыныптарда өзіндік жұмысты ұйымдастырғанда абай болу керек.

Алтыншыдан: әралуандық болу керек, ШЖМ қаншалықты мәселелері көп болса да, ағымдағы білім беру бағдарламасында қозғалмаған идеяларды енгізу және оның мазмұнын байытуға қатысты жұмыстар жүргізілу керек.

Кейбір бастауыш сынып мұғалімдері сабақ барысында оқулықтағы тапсырмалармен шектеліп, бір сарынды жаттығуларды ұсынады. Меніңше, ол саралап және даралап оқытудың бағыттарын және саралап оқытудың тәсілдерін жетік білмегендіктен. Көбінесе саралаудың 9 тәсілін қолданамыз. Нақтырақ тоқталсақ, жиі қолданатын:

1. Тапсырма. Балаларға (жекелеп немесе топтарға) олардың меңгерген білімдеріне негізделген әр түрлі тапсырмалар беріледі. Аса қабілетті балаларға айтарлықтай жоғары деңгейде ойлауды дамытуға мүмкіндік беретін, мәселелерді шешу қабілеттері мен зерттеу қабілетін пайдалануды талап ететін күрделі тапсырмалар, атап айтқанда Блум таксономиясының талдау, жинақтау, бағалау ойлау деңгейлеріне сәйкес тапсырмаларды беруге болады.

2. Нәтиже. Балалар қойылған жалпы мақсатқа сәйкес бір тапсырмамен жұмыс істейді, бірақ мұғалім балалардың алдыңғы нәтижелерін ескере отырып, әр баладан әртүрлі нәтиже күтеді. Қабілетті баладан басқа балаларға қандай да бір нәрсені түсіндіруді немесе қандай да бір затты үйретуді өтіруге болады, басқа жастағы балалар үшін бірдеңе жазуды немесе жасауды сұрауға болады.

3. Жұмыс қарқыны. Өзіндік жұмысты ұйымдастырғанда жиі қолданылады. Балаларға жалпы тапсырма беріледі, бірақ оларды аяқтауға жұмсалған уақыт олардың дағдыларына қарай анықталады. Қабілетті бала басқаларға қарағанда негізгі міндеттерді орындауға аз уақыт жұмсайтынын болжауға болады, ал содан кейін айтарлықтай күрделі жұмысты орындауға кірісе алады (яғни, келесі оқу мақсатына көшпей, негізгі оқу жоспары мақсатының мәнмәтінінде оқытуды кеңейту және күрделендіру бойынша жұмыс істеу). Көптеген қабілетті балалар қызығушылық пен ұмтылыстың жоқтығынан негізгі тапсырманы өте баяу орындағандықтан, мүмкіндігінің болуына қарамастан қосымша тапсырмаларды орындауға үлгермейді.

4. Қолдау. Балалар жалпы тапсырманы орындайды, бірақ олардың кейбіреуіне басқаларға қарағанда көп немесе кем қолдау көрсетіледі. Қабілетті балаға білімнің кейбір салаларында жеке көмек қажет болуы мүмкін, мысалы, жазба, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, оқу дағдыларын немесе бірлесіп оқу дағдыларын дамыту. Қолдау мұғалім тарапынан ғана емес, таным деңгейі жоғары оқушы таным деңгейі төмен оқушыға қолдау жасай алуы қажет. Қалыптастырушы бағалауды ұйымдастырғанда осы жайтты назарда ұстау қажет.

5. Ресурстар. Бастауыш сыныпта өте жиі қолданылатын тәсіл. Балалар ортақ тапсырма орындайды, бірақ айтарлықтай дамыған оқу немесе зерттеу дағдыларын қажет ететін әр түрлі ресурстар беріледі.

6. Топтау. Балалар ортақ тапсырма орындайды, бірақ барлығының табысты болуын қамтамасыз ететіндей етіп топтастырылған. Қабілетті балаларды кейде қабілеті ұқсас құрдастарымен топтастырып, олар тапсырманы айтарлықтай жоғары деңгейде орындайды деп күтуге болады. Жалпы топтастыру сынып ерекшелігіне, күтілетін нәтижеге, т.б. байланысты.

7. Таңдау. Оқушыларға бір тапсырманың бірнеше орындау жолын ұсынылады, оқушы таңдауға мүмкіндік алады.

8. Диалог/Сұрақтарды пайдалану. Мұғалім оқушылардың деңгейіне қарай өздері қоятын сұрақтары мен оқушылар қоятын сұрақтарға жауаптарын саралайды. Соңғы кезде диалог бойынша саралау жоғары қабілетті балалардың қажеттілігін қанағаттандыру мәселелерін шешуде шешуші мәселе ретінде атап көрсетілуде.

9. Бағалау. Оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отыруды қажет етеді.

Саралау тәсілдерін тиімді қолдану әр оқушының қажеттілігін ашу мен қолдауға, оқыту процесін жетілдіруге, оқу бағдарламасының қойған мақсат, міндеттеріне жетуге және қажеттіліктерін қанағаттандырып, кең ауқымды дағдыларды игеруіне мүмкіндік береді. Соңғы уақытта табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді.

Интеграция мен ғаламдастыру қатар жүріп келе жатқан бүгінгі таңдағы шағын жинақталған мектептердегі оқушылардың білім берудің сапасы мен деңгейін жан-жақты

білікті, құзіретті, оқыту мен тәрбиенің жаңа технологиясын қолдана білетін ұстаздардың ғана қолынан келеді. Сол үшін ертеңгі болашағымыз бен болашақ жастарымыздың білімін ойлай отыра, біз сапалы білім беруіміз қажет және де бүгінгі жастар - ел ертеңі екенін де ұмытпағанымыз жөн.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: Астана, 2019. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>
2. «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы <https://www.akorda.kz/kz/addresses/>
3. Қолданыстағы және жаңартылған бағдарламалар бойынша ШЖМ біріктірілген сыныптарында білім алушыларға оқу процесін ұйымдастыру механизмі. Әдістемелік құрал. І бөлім. - Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 183 б.
4. ШЖМ-да білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар - Нұр-сұлтан: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 160 б.
- 5.Базарбаева Н.Ә. Шағын комплектілі мектептердегі оқу-тәрбие үрдісіндегі ерекшеліктер:- Алматы,2002.
6. Баймолдаев Т.М.Шағын жинақталған мектептерде пәндерді оқытуда жаңа педагогикалық әдістерді пайдалану жолдары.-Алматы,2002.
7. Савинков Ю. А. Специфические педагогические компетенции многопрофильного педагога сельской малочисленной школы // Вестник Воронежского государственного университета. Серия: Проблемы высшего образования, 2005.